Педагогикалық кеңес

Хаттама № 1

Мерзімі: 27.08.2021ж Қатысқандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту.
2. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесін бекіту туралы.
3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек ?»баяндама
4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

1.Тыңдалды. Балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол сөзінде, өздеріңіз білесіздер, балабақшада бір жылға арналған жылдық және оның негізінде айлық жоспар құрылуы тиіс. Бірінші қыркүйекке дейін осы екі жоспар түзіліп, бекітілуі тиіс. Сонымен бірге, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға болдік. Соған байланысты әр топтың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде анықтадық. Яғни, Кіші топ – 9 оқу жүктememен 10-15 минут; Ортаңғы топ – 12 оқу жүктememен 15-20 минут аралығында,Ересек тобында -14 оқу жүктемесі 15-20 минут ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өтеді. Сонымен бірге, айта кететін тағы бір мәселе – ортаңғы топта 1 вариативтік,Ересек топта -2 компонент орын алады. Бұл күннің II жартысында өтіледі. Тәрбиешілер бұл вариативтік компонентке арнайы дәптер арнап кесте бойынша толтырып отырады. Қазір тәрбиешілерге өздерінің тиісті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекітіп беремін – деді.

2.Тыңдалды. Балабақша әдіскері А.Мамбетова сөз алды. Қызметкерлердің еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы үшін жеке жауапкершілігін арттыру мақсатында, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік нормативтік талаптар негізінде балалар мекемесінде барлық санаттағы жұмыскерлерге арнап қауіпсіздік техникасы жөніндегі лауазымдық міндеттеріңізбен таныстырып, бір көшірмесін қолдарыңызға берген болатынмын. Қазір мен дәл осылай етіп жаңадан келген қызметкерлерге жеке еңбек шарты мен лауазымдық міндеттерін таныстырып, бір көшірмесін өздеріне беремін.

3. «Баланы балабақшаға қалай дайындау керек ?»баяндаманы балабақша тәрбиешісі Жолдасова А оқып аныстырды.

(Жазбаша түрі бар)

4.Тыңдалды. Балабақша әдіскері сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілердің арнайы шығармашылық тақырыптары болатынын, жыл бойы сол тақырыпта

ізденіп, материалдар жинақтап, жыл соңында қоргайтындарын айтты. Шығармашылық тақырып, үш жылда бір рет жаңартылып отырады, - деді.
1Балалардың құзіреттілігін қалыптстыруда жаңашыл тиімді әдістер қолдану-Мамбетова А
2. Бала тілін мнемотехника арқылы дамыту –Аязова А
3.Баланы салауатты өмірге баулу- Коскараева К
4. Дамутыпшы ойындар –Мусабаева Ф
5. Балалардың ойлау қабілетін дидиктикалық ойындар арқылы дамыту-Жакипова Х
6.Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру жүйесі-Мамбетова А

Шешімі:

1. Баланың тілін дамыту іс-әрекеті жүзеге асырылсын.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары анықталып, бекітілсін.
3. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесі бекітілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: Х. Жакипова

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 2

Мерзімі: 12 .11.2021ж Қатысқандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Восковович» технологияся . Баяндама
   Әдіскер: Мамбетова А
3. Тақырыпты тексерудің қорытындысы.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерін талқылау.

1. «Егеменді елім менің» Ересек топ
2. «Ойыншықтар әлемі» Кіші топ

1.Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова өткен №1 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Балабақшада баланың тілін дамыту іс-әрекеті жүзеге асырылады. Қызметкерлердің ішкі еңбек тәртібінің ережесі бекітілді. Педагогтар шығармашылық тақырыптары бойынша тәжірибе жинақтап жұмыс жүргізіп жатыр.
2.«Восковович» технологиялар тақырыбы бойынша баяндамасын балабақша әдіскері А.Мамабетова таныстырып өтті.

(Жазбаша түрде баяндамасы бар)
Баяндама жаңа технологиялар:
1.ТРИЗ технологиясы
2.Тәй-тәй технологиясы
3.Монтессори технологиясы
4.Зайцев технологиясы
5.Дамыта оқыту технологиясы туралы түсіндіріп өтті.Әдістер: Ой толғаныс,Ассоциация,Салыстыру,Раунд-Робин,Топтау әдісі.

3.Үшінші сұрақ бойынша «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойындарда құралдарды пайдалануы» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің қорытындысы.Ортаңғы топ
Ортаңғы топқа жүргізілген тақырыпты тексерудегі нәтижелер:Тәрбиешінің жоспары ұсынылған талаптарға сәйкес келеді Кіріспе бөлімі жалпы дамыту жаттығулармен басталды.Жаттығулар дене шынықтыру құралдарын пайдаланып жүргізілді.Жаңа

қимылдарды үйретті.Тәрбиеші балаларды жақсы игере алды.Кемшіліктері:Кейбір балалардын аяғында чешкилары жоқ,формалары түгел емес.Жаттығулар жасайтын құралдар аз.

4.Ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерін талқылау.

1.«Егеменді елім менің» Ересек топ

2.«Ойыншықтар әлемі» Кіші топ

Ересек «Қарлығаш »тобында : «Егеменді елім менің» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін өткізді .Тәрбиеші жоспар бойынша жақсы дайындалған.Көрнекіліктер жеткілікті .Балаларды жақсы игере алды және балалардың шығармашылық қабілеттерін аша білді. Ұсыныс: Тәрбиеші ойындарды көбірек қолдану керек еді .Балаларға жеке жұмыстарды көбірек жасауға үйрету керек.

Кіші «Балапан »тобындағы ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті «Ойыншықтар » тақырыбында болды.Тәрбиеші жоспар бойынша оқу іс –әрекетін алып шықты.Көрнекіліктер жеткілікті.Барлық білім саласымен кіріктіріліп дайындалған.Ұсыныс: Оиындар жақсы қамтылмады .Шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану керек.

Шешімі:

1. Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуда.
2. Әдіскер Мамбетова А «Восковович»технологиялар тақырыбы бойынша баяндамасындағы іс-тәжірибесі оқу-тәрбие процесінде пайдаланылсын.
3. Балабақшадағы балалардың қимыл –қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру іс жүзінде қолданылсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Аязова

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 3

Мерзімі: 22. 12..2021ж Қатыскандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалардың шығармашылық өнерге үйретудің маңызы». Баяндама
   Тәрбиеші: Қ.Коскараева
3. Жарты жылдық мониторинг
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін талдау:
   «Тәуелсіздік –тірегім!» ересек топ
   «Қош келдің –«Қыс келбеті!» Ортаңғы топ
   «Табиғат –ортақ үйіміз» Кіші топ

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова өткен №2 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Әдіскер МамбетоваА «Восковович»технологиялар тақырыбы бойынша баяндамасындағы әдістерді тәрбиешілер іс-тәжірибесі оқу-тәрбие процесінде қолданылып жатқанын айтып .Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерн қанағатттанарлық деген баға берілін ұсыныстар айтылды.

2. Екінші сұрақ бойынша балабақша тәрбиешісі Қ Коскараева «Балалардың шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» тақырыбында баяндама оқыды.Баяндамада балалар бейнелеу өнірімен жалпы топтық жұмыста,ойынға бөлінген уақытта шұғылданады.Сурет салу,жапсыру.мүсіндеу,құрастыру-балалардын шығармашылық белсенділігін көрсетеді.
   (Баяндаманың жазбаша түрі бар)
3. Үшінші сұрақ бойынша жартыжылдық мониторингтің қорытындысы.
   Бұл мониторинг балалардың даму көрсеткіштерін жәйлі .Балалардың даму көрсеткіштері орташа .Дегенмен балалардың сөздік қорлары көбейіп ,тілдері дамыған .Физалық даму дағдылары жақсы.
   4.Төртінші сұрақ бойынша б/б меңгерушісі А Мамбетова Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне талдау жүргізді. Ересек «Қарлығаш» тобының «Тәуелсіздік –тірегім!» атты тақырыбындағы ашық оқу қызметіне жоспарға сай дайындалған.Көрнекіліктер жеткілікті.балалар шығармашылықпен жұмыс жасады.Суретке қарап әңгіме құрастырды.Ұсыныс: Ойындар қосу керек .
   «Қош келдің –«Қыс келбеті!» Ортаңғы «Ақбота » тобында отті.Тәрбиеші тақырыпты аша алды .Көрнекіліктер жеткілікті болды. Балалар қыс мезгілі туралы тақпақтар айтты.Дидактикалық ойындар ойнатылды.Балалар тәрбиешінің сұрағына жақсы жауап беріп отырды.
   «Табиғат –ортақ үйіміз» Кіші «Балапан »топбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өткізілді .Балалар әдемі көңіл күймен оқу қызметін бастады .Көрнекіліктер жеткілікті.Видео ролик көрсетілді. Тәрбиеші тақырыпты аша

білді. Дидактикалық ойын,қимылды ойын ойнатылды. Шығармашылық жұмыс кезінде қауіпсіздік шара сақталмады .

Шешімі:

1. Өткен №2 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалуда.
2. Тәрбиеші Қ Коскараева «Балалардың шығармашылық өнерге үйретудің маңызы» тақырыбында баяндаманы күнделікті жұмыстарында бейнелеуге үйретудегі қолданылатын технологиялық әдістерді іс-тәжірибеге енгізіліп, қолданылсын.
3. Қимылды ойындарға арнап дайындалған көрнекі-құралдар оқу – тәрбие процесінде қолданылсын.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері қанағаттанарлық .

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А. Мамбетова
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Н.Әліпбаева

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 4

Мерзімі: 24.02.2022ж Қатысқандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Сен кандай тәрбиешісің?» тәрбиешілерге арналған тест.

3.Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері .Баяндама

4.Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін талқылау .

1. «Менің отбасым» Ересек топ

2. «Менің сүйікті жануарым » Ортаңғы топ

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамабетова сөз алды. Ол өз сөзін өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жайлы айтып өтті. Тәрбиешілер бейнелеуге үйретудегі қолданылатын технологиялық әдістерді іс – тәжірибелеріне қолданып, күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қолдануда.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды Тәрбиешілерге «Сен кандай тәрбиешісің?» тест жүргізілді.Тәрбиеші-ол,баланың өмір жолында кездестіретін екінші анасы.Оның жан дүниесі әрдайым бала болып қала береді.Тәрбиешінің мақсаты: әр баланың болмысымен туа біткен қасиетін айқындау және дамыту.Тәрбиеші –әрдайым үздік тәжірибелер мен педагогикалық ғылыми жетістіктерді қолдана жүріп ,өз іскерлігін дамытып тұру керек. Тәрбиешілердің білімдерін тест арқылы бағалау.

   (Жазбаша түрі бар)

3. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері .Баяндама
   Мейірбике: Г.Әужебай
   Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дене шынықтыру іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктеріне қарай оқу іс әрекетіне дайындау кіріспе бөліміне оның мақсаты балаларды ұйымдастыру олардың назарын жинақтау, эмоциялық қалыпқа келтіру ,баланы күрделі жаттығулар жасауға әзірлеу болып табылады .

   (Суреттері бар)

4.Төртінші сұрақ бойынша ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін талқылау .

4.Төртінші сұрақ бойынша ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерін талқылау .

1. «Менің отбасым» Ересек топ
2. «Менің сүйікті жануарым » Ортаңғы топ

Ересек «Қарлығаш» тобының«Менің отбасым» тақырыбындағы ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жоспарға сай жасалынған .Балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Көрнекіліктер жеткілікті.Дидактикалық ойындар ойнатылды.Бес білім саласы бойынша кіріктіріліп алынған.Ұсыныс балаларға шығармашылық жұмысты көбірек пайдалану керек.

2. «Менің сүйікті жануарым » Ортаңғы «Ақбота »тобында ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекеті өткізілді. Жылулық шеңбермен басталды .Гажайып сәт болды.Көрнекілік жеткілікті.Балалардың жас ерекшіліктері ескеріліп ойындар ойнатылды,шығармашылықпен ұжымдық жұмыс жасады. Ұсыныс: Ойынға барлық балалар қамтылу керек

Шешімі:

1. Өткен пед кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Тәрбиешілер балаларға ойнататын ойындарды жас ерекшелігіне сай түрлендіріп қолданылсын.
3. Тәрбиешілер тосыннан қойылатын сұрақтарға әрдайым дайын болсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбстова
Хатшы, б/б тәрбиешісі: Ә.Жақсылық

Хаттама № 5

Мерзімі: 23.05.2022ж Қатысқандар:8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беруі.
3. Жазғы мерзімінің жұмыс жоспарын бекіту
4. Балалардың және тәрбиешілердің қорытынды мониторингі
5. Жаздық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің кестесін бекіту

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол өз сөзін өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы жайлы айтып өтті. Өткен кеңестің шешімі бойынша тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде баланың денсаулығын нығайту жаттығуларын жасату жұмыстарын жүргізіп жатыр.. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу іс-әрекетке дидактикалық ойындарды да кірістіріп, ойнатылуда.
2. Екінші мәселе бойынша тәрбиешілер өздеріне берілген шығармашылық тақырыптарына есеп берді. Олар осы жыл бойына осы тақырыпты жан-жақты ашу мақсатында ізденген, жасаған жұмыстарын айтып,көрсетті.

Осы мәселе бойынша тәрбиеші Ф.Мусабаева сөз алды. Менің шығармашылық тақырыбым «Дамытушы ойындар». Мен осы тақырыпта жыл бойы ізденіс үстінде болып, әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне осы тақырыпты енгізіп отырдым. Осы мақсатта балаларды ұқыптылыққа ,шапшаңдылыққа ,ептілікке баули алдым деп ойлаймын. Оларға ойынның шартын түсіндіріп айтып отырдым. Мен бұнымен әлі біткен жоқпын. Бұл тақырып маған 3 жылға берілін отыр. Сол себепті өте көп ізденіп, еңбектенуім керек.

Осы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Бұл бст алыстарыңыз жақсы. Осы ізденіс, еңбектену жолында сіздерге шабыт, сәттілік тілеймін.

3. Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Мамбетова сөз алды. Ол кісі жаз мерзімінің жұмыс жоспарымен ұжымды таныстырды. Жаз мезгілінде ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Күн жылынды, енді балаларды аулада, таза ауаға шығарып көбірақ ойнатыңыздар. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін аулада өткізуді жоспарланыздар. Аулаға үрмелі бассейн құрамыз. Оған күннің екінші жартысында, балалар ұйқыларынан оянған кезде бір шомылдырып аласыздар. Топ болмелеріңіздегі терезелеріңізді ашып, желдетіп тұрыңыздар.

4. Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Жетісай ауданының білім бөлімінің бұйрығы бойынша біз балалардың және тәрбиешілердің қорытынды мониторингін тапсырамыз. Сол үшін сіздер топ тәрбиеленушілердің индикаторы деген дәптерлеріңізді осы мамыр айын толтырып, айдың 20-шы жұлдызына дейін тапсыруларыңыз керек. Әрбір білім саласы бойынша балаларды бағалап, қорытынды бағасын шығарып тапсырыңыздар.

5. Ендігі мәселе жазғы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту, - деді балабақша әдіскер А.Мамбетова. Жаз мезгілінде біз «Денсаулық», «Шығармашылық» білім салаларын алып отырмыз. Осы білім салалары бойынша кесте түзіп береміз.сол кесте бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріңізді жоспарлайтын боласыздар.

Шешімі:

1. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыпта одан әрі, бұдан да күрделірек ізденіп, жұмыс жасасын.
2. Жаз мезгілінің жұмыс жоспары түзіліп, бекітілсін.
3. Балалардын және тәрбиешілердің қорытынды мониторингі жасалсын.
4. Жаздық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі түзіліп, бекітілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі: А.Мамбетова

Хатшы, б/б тәрбиешісі: А.Аязова